



дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау.

Үйірме жетекшісі: Иманалиева Гаухар Жанатовна.

Қатысқандар: "Алаш жолы" үйірме мүшелері. пәнінің оқытушысы Н.Б.Бердіш.

3. Сабақ беру барысында қолданылатын

интерактивті әдіс-тәсілдермен таныстыру. Жауапты: "Анатомия және физиология" пәнінің оқытушысы Н.Б.Бердіш.

4. Электронды портфолио дайындау бойынша практикум. Жауапты: әдіскер А.Қ.Коконбаева.

5. Психологиялық тренинг. Жауапты: колледж психологі Н.Е.Мухамодиева.

6 | АШЫҚ САБАҚ

19.04.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №1 Жалпы кәсіптік пәндер циклдік әдістемелік комиссиясының оқытушысы Юсупова Н.Т. Емдеу ісі 220 ЕФ-9/22 тобымен, «Анатомия және физиология» пәнінен



«Жыныс мүшелерінің анатомиясы және физиологиясы» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерге аналық және аталық жыныс мүшелерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру.

7 | АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ



«29.04.2024ж Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Емдеу ісі» бөлімінің 118 ЕФ-9/23 топ студенттерімен 1 мамыр-Халықтар бірлігі мерекесіне арналған «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында

колледжішілік ашық тәрбие сағаты өтті.Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақ тәрбиелеу.

Іс-шара Жамбыл жоғары медицина колледжінің директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевнаның құттықтау сөзімен басталды. Мерекелік іс-шара барысында қазақ,орыс, украин, әзірбайжан, өзбек,түрік, кәріс , дүнген, қырғыз,тәжік, грузин ұлттары өз тілінде тілегін айтып,би билеп, ұлттық тағамдарынан дәм татқызды. Жауапты: Кенбаева Н.М.

8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



2024 жылдың 13-15 сәуір аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының тапсырысы бойынша өткізілген Жамбыл облыстық «Әулие-Ата» лигасының іріктеу ойындарында Жамбыл

жоғары медициналық колледжінің «Емдеп аламыз», «Аманат», «User1234» құрама командалары жақсы деңгейде ойын көрсетіп, маусымашар фестивалінде «Емдеп аламыз», «Аманат» құрама командалары өнер көрсетті. Іріктеу ойындарының нәтижесі бойынша «Емдеп аламыз» және «Аманат» құрама командаларына «Әулие ата жоғары» лигасына, ал «User1234» құрама командасына «Премьер лигасына» жолдама берілді.Әулие-Ата лигасына қатысушыларды Ақпараттық технологиялар орталығының маманы Сұлтанғалиева Айнұр Сұлтанғалиқызы жетекшілік етті. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ Президенті Есен Елеукеннің алғыс хатымен марапатталды.

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 3 курс студенті Сауқымов Әділет Қостанай қаласында “ ҚР ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ ” ұйымдастыруымен кикбоксингтен 2006-2007 ж.т.жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында жүлделі І орын иеленді. Әділетке алдағы уақытта Түркия елінде болатын жарысқа тек сәттілік және жеңіспен оралуын тілейміз.



Инклюзивті білім беру бағдарламасының аясында мүмкіндігі шектеулі өнерлі жастар мен студенттер арасында рухани байланыс орната отырып, олардың бойындағы қабілеттері мен таланттарын жарыққа шығару

мақсатында өткізілген облыстық «Мен өмірге құштармын» атты әлеуметтік жобасына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 2 курс студенті Смайыл Бахтияр 208 М-9/23 топ және Құдиярбек Әсем 310 ЕФ/9/21 топ студенттері қатысып жүлделі 2-орын және алғыс хатпен марапатталды. Жүлде қоры 50.000 теңгені құрады. Жетекшісі: Буксукбаева Айман Ануарбекқызы.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | «КҮЛКІ - ЖАННЫҢ ШИПАСЫ» ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫ

1 сәуір - Күлкі күніне орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Ауыспалы кубогі» үшін «Күлкі - жанның шипасы» тақырыбында колледжде ЖАЙДАРМАН ойындары ұйымдастырылды.

3 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ

Жамбыл облысының 85 жылдығына орай «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша медициналық колледж түлектерінің арасында «Үздік мейіргер – 2024» халықаралық байқау өткізілді.

5 | АШЫҚ ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫ

«Рефлекс»үйірмесі «ҚР ерлер денсаулығының қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбында оның ішінде «Бауыр циррозы» тақырыбында ашық үйірме отырысы өткізілді.

7 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

1 мамыр- Халықтар бірлігі мерекесіне арналған «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағаты

2 | ДӘРІС; СЕМИНАР; ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ; ТРЕНИНГ

Әдеби шығарма мен оның кейіпкерлерін талқылау.

4 | ХVR-кабинетінің салтанатты түрде ашылуы

«Виртуальды кеңістікте (VR) тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру» VR-кабинетінің салтанатты түрде ашылуы өтті.

6 | АШЫҚ САБАҚ

№1 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушысы Юсупова Н.Т. Емдеу ісі 220 ЕФ-9/22 тобымен, «Анатомия және физиология» пәнінен «Жыныс мүшелерінің анатомиясы және физиологиясы» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

8 | ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістіктері.





1 | «КҮЛКІ - ЖАННЫҢ ШИПАСЫ» ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫ



1 сәуір - Күлкі күніне орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Ауыспалы кубогі» үшін «Күлкі - жанның шипасы» тақырыбында колледжде ЖАЙДАРМАН ойындары ұйымдастырылды. Ойынға колледждің студенттік ұйымдарынан 6 команда қатысты. Ойынның әділ – қазылар алқасында: колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна, директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Куанышбекова Ляззат Тураровна, арнайы қонақтарымыз «Medium» командасының капитаны Еламан Юсуп, «Medium» командасының ойыншысы Дидар Апбасов өз әділ бағаларын беріп, төрешілік етті. Колледжішілік Жайдарман ойындарын бағалы сыйлықтармен қамтамасыз етіп, демеушілік жасаған студенттік кәсіподақ ұйымының төрайымы – Мураталиева Нуржамал Мухтаровна. Жайдарман ойындарын ұйымдастырушы – тәрбие бөлімінің меңгерушісі Айдабосынова Жамиля Несипбековна, акпараттық технологиялар орталығының маманы Сұлтанғалиева Айнұр Сұлтанғалиқызы, колледждің «Емдеп аламыз» Жайдарман командасы, колледждің студенттері, жетекшілері алғыс хаттарымен марапатталды.

2 | ДӘРІС; СЕМИНАР; ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ; ТРЕНИНГ.

8.04.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Буллингке бой бермейік» тақырыбында психологиялық ағартушылық негізінде 1-курс студенттері арасында дәріс оқылым өтті. Сонымен қатар аталған топ студенттері арасында онлайн түрде жасырын сауалнама алынып, жауаптары сараланды. Жауапты колледж психологтары: Н.Е.Мұхамодиева, К.Сүйінбекұлы.



08.04.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді күшейту, сауаттылықты арттыру мақсатында 1 курс студенттерімен «Жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру» оқу семинары өткізілді. Семинар спикерлері: Әжібаев А.И. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің

Жамбыл облысы бойынша департаментінің Превенция басқармасының бас маманы. 2. Салтанат Жұмабекқызы Жамбыл ауданы, Антон Макаренко атындағы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі. 3. Назима Жұбандықова "Әділдік жолы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиал жетекшісі.



Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағыты бойынша «Адамгершілікке жетелейтін қоғамға қадам» тақырыбында 102 М - 9 / 2 3 топ

студенттерінің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында «Адалдықтың өтемі», «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыптарында бейнематериал көрсетіліп, студенттер өз пікірлерін ортаға салды. Тақырып бойынша студенттерге сыбайлас жемқорлық туралы жан-жақты мәлімет бере отырып, одан сақтану жолдарын, алдын алу мәселелерін қарастыруға мүмкіндік болды. Пайдаланылған материалдар арқылы студенттердің ой-өрісін дамытып, одан әрі өмірде өзіндік орнын білуге, еліміздің патриоты болуға, әрі адал ұрпақ даярлауға ықпал етті.

Жауапты: №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері.

17.04.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Жастар арасында АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу!» тақырыбында АИТВ/ЖИТС-ның таралуы, оны болдырмау жолдары, жеке бас гигиенасы туралы студенттерге дәріс оқылды, соңында анонимді түрде студенттердің қалауы бойынша экспресс-тест алынды.



Спикерлер: 1. Досымова Индира Мумархановна- «Жамбыл облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы», дәрігер-эпидемиолог. 2. Б.И. Салменбаева және Д.Еркулова- мейіргерлер.облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы», дәрігер-эпидемиолог. 2. Б.И. Салменбаева және Д.Еркулова-мейіргерлер.

3 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ



2.04.2024 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл жоғары медициналық колледжі ШЖҚ КМК-ның ұйымдастыруымен Жамбыл облысының 85 жылдығына орай «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша медициналық колледж түлектерінің арасында «Үздік мейіргер – 2024» халықаралық

байқау өткізілді.

Байқаудың мақсаты:

Еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби ұтқырлығын арттыру. «Үздік мейіргер – 2024» халықаралық байқауға жалпы 30 өтінім келіп түсті. Оның ішінде 2 өтінім таяу шет мемлекетінен: 2.Өзбекстан Республикасы Самарқанд облысының Абу Али ибн Сино атындағы Пахтачи қоғамдық сақтауехникумы, қалған 28 қатысушы Қазақстан Республикасының медициналықжәне жоғары медициналық колледждерінен қатысты.

Байқаудың нәтижесі:

Бас жүлде - Исакқызы Сабина ШЖҚ «Түркістан жоғары



медицина колледжі». Жүлде қоры 150000 теңге.

І орын - Сабыржанқызы Жанель Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК Қызылорда қаласы Жүлде қоры 100000 теңге.

І орын - Урсан Алина Анатольевна Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай жоғары медициналық колледжі» Қостанай қаласы. Жүлде қоры 100000 теңге.

ІІ орын - Исаков Мадияр Жанабаевич «З.Г. Мурзагулов атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» Астана қаласы. Жүлде қоры 75000 теңге.

ІІ орын - Борашева Аймира Маратовна ШЖҚ «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі». Жүлде қоры 75000 теңге.

ІІІ орын - Нұржарыққызы Ақжүніс Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау жоғары медициналық колледжі». Жүлде қоры 50000 теңге.

7 колледж қатысушыларына номинация және естелік сыйлықтар берілді.

4 | VR-кабинетінің салтанатты түрде ашулуы



12.04.24 жылы «Жамбыл жоғары медициналық колледжінде» «Виртуальды кеңістікте (VR) тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру» VR-кабинетінің салтанатты түрде ашылуы өтті. Виртуалды кеңістік кабинетінің ашылуында

Өзбекстаннан, Қырғызстаннан және Қазақстан Республикасының медициналық колледждерінен келген қонақтар болды. VR-тренажерлар және симуляторлар «Шұғыл медициналық көмек станциясы», «Жедел медициналық көмек», «Коммуникациялық дағдыларды жаттықтыру», «Алғашқы көмек», «Акушерия және гинекология», тәжірибелік дағдыларды жаттықтыруға арналған.

5 | АШЫҚ ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫ

17.04.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Рефлекс» үйірмесі «ҚР ерлер денсаулығының қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбында оның ішінде «Бауыр циррозы» тақырыбында ашық үйірме отырысы өткізілді. Ашық отырыстың мақсаты: Студенттерді бауыр циррозының пайда болу себептерімен, этиологиясымен, патогенезімен, диагностикасымен, емдеу және алдын алу шараларымен таныстыру, студенттердің ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау, базалық пәндерге деген қызығушылығын ояту, студенттердің клиникалық ойлау қабілеттерін дамыту.



Үйірме жетекшісі: Орынбек С.А.

Бөлімі: «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі»

Қатысқан топтар: 201 М-9/22, 212 ЕФ-9/22, 128 ЕФ-11/23.

26.04.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде "Алаш жолы" үйірмесі, үйірме жоспарының негізінде "Алаш айнасы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты: Студенттерге Алаш зиялыларының ұстанымдарымен озық идеяларын, Қазақстанның қалыптасуына зор күш салған, ерең еңбегі сіңген бірлігімізді бекемдей түсетін ұлы жолдағы азаматтарымызды дәріптеп, насихаттау. Студенттердің танымдық, білімдік деңгейін көтеру, ой белсенділігін